

*С.К. Ксембаева¹, А.А. Садуакасова^{*2}, Ж.М. Бердыбекова²*

¹ Торайғыров университеті,

*² Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар Педагогикалық университеті
Павлодар қ., Қазақстан Республикасы
anelya.saduakaso.97@mail.ru*

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ЖОБАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

***Анотация.** Бұл мақалада мектепке дейінгі жаңа білім беру аясында мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуетін дамытуда жобалық қызметті қолдану жайлы айтылған.*

Қазіргі уақытта елде білім беруді сапалы жаңарту процесі белсенді жүріп жатыр, оның мәдени, даму, жеке әлеуеті күшейе түсуде. Қазіргі қоғамға танымдық-іс-әрекеттік өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті, шығармашылық пен зерттеушілік әрекеттің көрінісі, өмірлік проблемаларды өз бетінше және белсенді түрде зерттеп, шешімін табуға қабілетті белсенді тұлға қажет. Мұндай тұлғаның бастапқы негіздері мектепке дейінгі балалық шақта қалануы керек. Бүгінгі таңда білім беруде баланың қызметі өнімді, шығармашылық, іздеу сипатында болатын оқыту әдістері мен технологиялары басым рөл атқарады. Бұл жерде тәрбиеленушілердің жобалық қызметі бірінші орынға шығады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жобалық қызметі балалар мен ересектердің ынтымақтастығының бірегей құралы болып табылады және педагогикалық үдерісте білім беру салаларын біріктіруге ықпал етеді, білім беруге жеке көзқарасты іске асыру тәсілі ретінде қарастырылады. Мақалада мектепке дейінгі білім берудегі жобалық қызметтің кезеңдері негізделіп, сондай-ақ әр кезеңде жүргізілетін әрекеттер алгоритмі көрсетілген. Жоба қызметін ұйымдастырудың ерекшеліктері анықталды. Сондай-ақ балалардың педагогпен жобалық қызметіндегі бірлескен жұмысы сипатталады. Жоба, жобалық қызмет сөздеріне түсініктеме беріледі.

***Кілт сөздер:** жоба, жобалау, жобалық қызмет, жоба әдісі, педагогикалық технология.*

Кіріспе

Қазіргі педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, мектепке дейінгі білім берудің басты проблемасы – таным процесі тартымдылығының жоғалуы. Мектепке барғысы келмейтін мектеп жасына дейінгі балалар саны артып келеді; сабаққа деген оң мотивациясы жоғалып, балалардың үлгерімі төмендейді. Өлемдік кеңістікке енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесін құру мектепке

дейінгі мекемелердің педагогикалық теориясы мен практикасында айтарлықтай өзгерістерді, педагогикалық технологияларды жетілдіруді талап етеді. Педагогикалық қызметтің міндеттері – қоғамға бейімделуге, онда оң әрекет етуге, өз бетінше ойлауға, білімді алуға және оны қолдануға, қабылданған шешімдерді мұқият қарастыруға, өз іс-әрекеттерін нақты жоспарлауға қабілетті тұлғаны тәрбиелеу. Бұл міндеттерді іске асыру баламен нәтиже үшін жұмыс істей алатын, қарым-қатынас дағдылары мен біліктерін дамыта алатын, оқу процесін авторитаризмнен алшақтатып, тәуелсіз ақыл-ой белсенділігіне деген ұмтылысты дамыта алатын педагогтың қалыптасуымен байланысты. Бүгінгі таңда кез келген мектепке дейінгі мекеме өзгергіштік принципіне сәйкес өзінің білім беру моделін таңдауға және барабар идеялар мен технологиялар негізінде педагогикалық процесті құруға құқылы. Дәстүрлі білім баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, мектеп жасына дейінгі балалардың қызығушылығын және белсенді шығармашылық қызметке деген қажеттілігін қалыптастыруға бағытталған жүйелі біліммен алмастырылады. Осы мәселелерді шешудің тиімді құралдарының бірі педагогикалық жобалау әдісін қолдану педагогтердің құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың зерттеу дағдыларын, шығармашылықтарын дамытуға, болжауға, инновациялық құралдарды іздеуге әсер ететін және осылайша білім беру процесінің сапасын арттыратын жұмысты жоспарлау мен ұйымдастырудың бір түрі деп санайды [1].

Әлемдік педагогикада жоба әдісі жаңа ұғым емес. Жоба әдісі әлемдік педагогикалық тәжірибеде кеңінен танымал және ұзақ уақыт бойы қолданылады. XX ғасырдың басында Дж. Дьюи және оның ізбасарлары (Э. Паркхерст, У. Килпатрик, Е. Коллинсидр.) *«орындау арқылы оқыту әдісін»* ұсынды [2, 36]. Джон Джьюидің шәкірті Уильям Килпатрик бұл оқыту түрін «жобалық оқыту» деп анықтады, ал бұл әдіс «жоба әдісі» деп аталынды. Ғылыми-техникалық прогресс кез келген адамға қолжетімді дербес білім беру іс-әрекетінің тиімді құралдарын дамытуды талап етті [3, 556].

Материалдар және әдістер

Мемлекеттік білім беру стандартында жазылған мектепке дейінгі білім беру қағидаттарының бірі: әр баланың жеке ерекшеліктеріне негізделген білім беру іс-әрекетін құру, онда баланың өзі білім мазмұнын таңдауда белсенді болады, білім беру субъектісіне айналады. Осы орайда бала субъект ретінде қарастырылады.

Субъект ұғымын қарастырсақ осындай анықтамаларды көреміз. Субъект – бұл сыртқы әлемнің құбылыстарын қабылдауға, оларды ішкі мотивация мен жеке ерекшеліктерге негізделген өңдеуге қабілетті адам. Қ. Жарықбаевтың сөздігінде субъект – сыртқы ортаны білу жолында таным мен іс-әрекеттің белсенділігімен бағыт-бағдарының иесі болып табылатын адамның индивид, тұлға, даралық

секілді атауларының синонимі [4, 507 б], ал А.С. Ворониннің сөздігінде субъект – басқа адамдарда және өз бойында өзгерісті жүзеге асыратын пәндік-практикалық белсенділік пен танымның тасымалдаушысы [5, 108 бет]. Мектепке дейінгі баланың субъективті ұстанымының көрсеткіштерін төмендегідей қарастыруға болады:

- дербестік;
- бастамашылық.

Бала өзінің жеке басын таныған кезде, оның қажеттіліктері мен мүдделері ескерілгенде ғана іс-әрекеттің субъектісіне айналады. Бала пассивті орындаушы емес, әртүрлі бірлескен іс-шаралардың белсенді қатысушысы бола алады. Осы қағидаға сәйкес келетін білім беру процесін құрудың перспективті әдістерінің бірі жобалық қызмет әдісі болып табылады.

«Жоба» («projectio») термині латын тілінен аударғанда «алға лақтыру» дегенді білдіреді және Н.И. Епишкиннің сөздігінде бір нәрсенің жоспары, алдын-ала ойы, алдын-ала нобайы деген мағынаға ие [4, 3677б]. Ал ағылшын тілінің Кембридж сөздігінде жобаның мынадай анықтамасы бар: белгілі бір уақыт аралығында аяқталған және белгілі бір мақсатқа жетуге арналған жоспарланған жұмыстың немесе қызметтің бөлігі [5]. Ал Ефремованың сөздігінде жоба талқылауға, бекітуге ұсынылатын қандай да бір құжаттың алдын ала мәтіні деп көрсетілген [6]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде жоба бір істі жүзеге асыру, орындау үшін жасалған нұсқаны білдіреді [7].

Жобалық қызмет – бұл баланың қазіргі және перспективалы мүдделеріне негізделген тәуелсіз іс-әрекеттің, мінез-құлық пен тәжірибенің түрлері. Жобалық қызмет, бір жағынан, ересектермен қарым-қатынасқа, ал екінші жағынан, баланың үнемі кеңейіп отыратын дербес әрекеттеріне негізделген. Жобалық қызмет – тәрбиешінің балаларға өз бетінше немесе ересек адаммен бірге жаңа практикалық тәжірибені ашуға, тәжірибе жүзінде білімді алуға, ізденуге, талдауға және түрлендіруге мүмкіндік беретін жағдайларды жасау. Песталоцци: «Әр адам өзінің не істей алатынын білген кезде ғана тырысатынын біледі», – деп жазды. Жобалық қызметте бала өзін субъект ретінде сезінеді, өйткені ол өз қызметінің тәжірибесіне, іс-әрекеттеріне жауап беретін тәуелсіз, белсенді тұлға болуға мүмкіндік алады [8, 6б].

Жобалық қызмет тек белгілі бір жағдайда тікелей әрекет ету мүмкін болмаған жағдайда ғана жобалық қызмет болып табылады. Басқаша айтқанда, егер бала сурет салғысы келсе, ол үшін қарындаш, парақ алып, өзінің жоспарын жүзеге асырса, онда бұл әрекет жобалық қызмет болып саналмайды. Бала барлық әрекеттерді дәстүрлі өндірістік іс-әрекет шеңберінде жасады. Жобалық қызмет барысында мектеп жасына дейінгі бала мәселені шешудің әртүрлі нұсқаларын зерттейді, белгілі бір өлшемдерге сәйкес шешудің оңтайлы әдісін таңдайды.

Л.В. Киселева жобалардың 4 түрін ерекшелейді:

1. Зерттеу және шығармашылық жобалар.

Танымның ғылыми әдістерін (байқау, эксперимент) пайдалана отырып, болжамдарды (гипотезаларды) тексеру және нәтижелерді шығармашылық өнім түрінде рәсімдеу жобалары.

Олар негізінен балалардың табиғи-ғылыми түсініктерін дамытуға бағытталған:

- әртүрлі заттардың қасиеттері туралы (су, мұз, бу, қар, ағаш, тас және т. б.);
- табиғи құбылыстар (қар, аяз, жаңбыр, бұршақ, найзағай, тұман, боран, кемпірқосақ және т. б.);
- тарихи оқиғалар, мерекелер;
- өсімдіктер мен жануарлардың өмір сүру жағдайлары және т. б.

Бұндай жобалар мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен ұйымдас-тырылады. Жоба тақырыптары мынадай болуы мүмкін: «Өзенде саяхат», «Қағаз қалай жасалады?», «Мультфильмдер қалай жасалады?»...

Бұл жобалардың мақсаты: танымдық белсенділікті, дербестікті қалып-тастыру.

Нәтижесі: жаңа білім алу.

Құндылығы: жобаның арқасында танымдық белсенділік, дербестік қалыптасады.

Өнім формасы: модель, схема, күнтізбе, газет...

Бағалау: гипотезалардың түпнұсқалығы, оларды тексеру әдістері, зерттеу іс-әрекетіндегі дербестік бағаланады [9].

2. Рөлдік-ойын жобалары.

Бұл шығармашылық, рөлдік ойындар элементтері бар жобалар, балалар белгілі бір рөлдерді орындайды (мысалы, ертегі кейіпкерлері, ойдан шығарыл-ған кейіпкерлер, әртүрлі мамандықтағы адамдар...) және қойылған мәселелерді шешеді. Рөлдік ойын жобалары кіші топтан жүзеге асырылады.

Мұндай жобада шығармашылық дәрежесі өте жоғары, бірақ басты қызмет түрі – рөлдік ойын. Жоба тақырыптары: «Менің отбасым», «Мектеп», «Біз театрға барамыз»...

Рөлдік-ойын жобаларының мақсаты: ойындағы мәселелік жағдайларды шешу.

Нәтижесі: ойын жағдайындағы мәселелерді түсіну.

Құндылығы: бала ойындағы жағдайда өмір сүреді.

Өнім формасы: ойын, портфолио, альбом.

Бағалау: балалардың қызметі қабылданған рөлге сәйкес бағаланады.

3. Ақпараттық-тәжірибеге бағытталған жобалар.

Балалардың объект, құбылыс туралы ақпаратты әртүрлі көздерден жинауы, жобаның басқа қатысушыларын осы ақпаратпен таныстыруы; нәтиже міндетті түрде қатысушылардың өздерінің әлеуметтік мүдделеріне бағытталуы керек (мысалы: «Ана күніне сыйлық», «Телефонның өткеніне саяхат», «Біздің қаламыздың тарихы»...).

Ақпараттық-тәжірибеге бағытталған жобалардың мақсаты: кейінірек практикалық мақсаттарда қолдануға болатын ақпаратты жинау және ұсыну.

Нәтижесі: толық және жеткілікті қажетті ақпарат.

Құндылығы: әртүрлі ақпарат көздерінде бағдарлау, әртүрлі көздермен жұмыс істей білу, ақпаратты өз бетінше алу, жоба тақырыбына сәйкес қажетті ақпаратты таңдау және оны құрдастарына (ата-аналарына) толық көлемде жеткізу.

Өнім формасы: кітап, альбом, макет, коллаж, ойын, газет, көрме, журнал, күнтізбе, шағын мұражай...

Бағалау: ақпаратты іздеудегі дербестік, оны іріктеу, ақпаратты ұсынудың толықтығы бағаланады.

4. Шығармашылық жобалар.

Шығармашылық жобаның басты ерекшелігі – жобаны жүзеге асыру барысында жаңа, шығармашыл өнім жасалады. Бұл жобалар кіші топтан жүзеге асырылады. Жоба тақырыптары: «Кішкентай кітаптар», «Сүйікті анама сыйлық»...

Мақсаты: шығармашылық өнім жасау.

Нәтижесі: шығармашылық өнім.

Құндылығы: жобаны іске асыру барысында шығармашылық өнім жасау және жоспарға сәйкес әрекет ету үшін алдағы әрекеттерді өз бетінше жоспарлау дағдылары қалыптасады. Әмбебап оқу іс-әрекеттерінің алғышарттары қалыптасады.

Өнім түрі: концерт, ертеңгілік, шығарма (өлеңдер, әндер, ертегілер), қуыршақ қойылымы, коллаж, макет, кітап, газет...

Бағалау: өнімді құру іс-әрекетін бағалау, өнімнің өзі де, оның өзіндік ерекшелігі бағаланады.

5. Нормативтік жобалар.

Жобаның бұл түрі Н.Е. Веракса және А.Н. Веракса тәрбиешілерге арналған «Мектеп жасына дейінгі балалардың жобалық қызметі» оқулығында сипатталған.

Нормашығармашылық жоба бойынша жұмыс балабақшадағы балалардың өмірінде туындайтын оқиғаларға, балалар жанжалдарына негізделеді. Балалар әртүрлі жағдайларда мінез-құлық ережелерін өздері ойлап табуы мүмкін.

Тәрбиеші балалар жасаған ережелер сақталатындығын өз мойнына алады. Жоба тақырыптары: «топтағы тәртіп ережелері», «құстарға көмектесеміз», «орманда өзін қалай ұстау керек», «кішкентай ханымдар мен мырзалар»...

Нормашығармашылық жобалардың мақсаты: ықтимал мінез-құлық нұсқаларының санын ұлғайту және белгілі бір (жоба тақырыбына сәйкес) жағдайда жаңа мінез-құлық қағидаларын құру.

Нәтижесі: топтың, балабақшаның, тұрмыстық өмірде қолдануға болатын нақты белгіленген қызмет нәтижесі.

Өнім формасы: модель, алгоритм, жадынама, альбом, кітап, газет, балалар суреттері.

Нормативтік жобаларды іске асыру бойынша жұмысқа балалардың ең жақын әлеуметтік ортасы: кітапхана, үй, дүкен мектеп және т. б. кіреді

Жобалардың тақырыптары қауіпсіздік ережелері болуы мүмкін: өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысы, ормандағы тәртіп ережелері және басқалар [10]

Жұмыста жобаны құру кезінде ыңғайлылық үшін белгілі бір әрекеттер алгоритмін ұстану керек. Мектеп жасына дейінгі баланың жобалық қызметі кезең-кезеңмен дамиды.

1-кезең. 5 жасқа дейін бала еліктеу және орындау деңгейінде дамиды. Қажетті өмірлік тәжірибенің болмауы оған мәселені және оны шешу жолдарын таңдауда дербестігін толық көрсетуге мүмкіндік бермейді. Балалардың қажеттіліктеріне мұқият қарау, олардың мүдделерін зерттеу балалардың «тапсырыс берген» мәселесін оңай анықтауға мүмкіндік береді.

Әрекеттер алгоритмі

1-қадам. Балалардың қажеттіліктеріне жауап беретін қызықты бастама, ересектердің мәселені белгілеуі.

2-ші. Ересектерге жобаның мақсатын анықтау, балаларды ынталандыру.

3-ші. Балаларды іс-шараларды жоспарлауға және жоспарды іске асыруға қатысуға тарту.

4-ші қадам. Ересектер мен балалардың нәтижеге бірлескен қозғалысы

5-ші қадам. Жобаны бірлесіп талдау, тәжірибе нәтижесі.

Балалардың мәселені өз бетінше шешуге алғашқы әрекеттері байқалып, көтермеленуі керек, балаға оның жетістіктері туралы: «сен тез ойлап таптың!»; «көмекке уақытыңда келгенің жақсы болды!» деген мадақтау сөздерді үнемі айтып отыру керек. Бұл балаға өзінің мінез-құлқын түсінуге, қай жерде дұрыс жасағанын, қай жерде қателескенін түсінуге көмектеседі.

2-кезең. Өмірдің бесінші жылының аяғында балалар жобалаудың жаңа, дамып келе жатқан деңгейіне өтуге мүмкіндік беретін белгілі бір әлеуметтік тәжірибе жинақтайды.

Бұл жаста дербестік дами береді. Тәрбиеші мен құрдастарын шыдамдылықпен тыңдай алады.

Әрекеттер алгоритмі

1-ші қадам. Балалардың немесе екі жақтың қажеттіліктеріне сәйкес келетін мәселені (ересектер немесе балалар) бөліп көрсету.

2-ші қадам. Жобаның мақсатын, алдағы қызметті бірлесіп анықтау, нәтижені болжау.

3-ші қадам. Ересектердің шамалы көмегімен балалардың іс-әрекетін жоспарлау, жобаны жүзеге асырудың құралдары мен тәсілдерін анықтау.

4-ші қадам. Балалардың жобаны орындауы, ересектердің сараланған көмегі.

5-ші қадам. Нәтижені, жұмыс барысын, әрбір баланың іс-әрекетін талқылау, сәттілік пен сәтсіздіктің себептерін анықтау.

6-шы. Балалармен бірге жобалау перспективаларын анықтау.

Екінші кезеңде тәрбиешінің белсенділігі біршама төмендегенін көруге болады. Тәрбиешіге балалар үшін қызықты нәрселермен әуестену, олардың мақсаттары мен міндеттерін кеңейтуге көмектесу маңызды.

3-кезең. Жобалық іс-әрекеттің дамуының үшінші шығармашылық кезеңінде балаларда танымдық және жеке дамуына байланысты қызығушылықтың жоғары деңгейі байқалады.

Әрекеттер алгоритмі

1-ші қадам. Балалардың немесе екі жақтың қажеттіліктеріне жауап беретін мәселені (балалар немесе ересектер) анықтау.

2-ші қадам. Балалар жобаның мақсатын, алдағы іс-әрекеттің себебін анықтауы, нәтижені болжау.

3-ші қадам. Балалардың іс-әрекетін жоспарлау (ересек адамның серіктес ретінде қатысуы мүмкін), жобаны іске асыру құралдарын анықтау.

4-ші қадам. Балалардың жобаны орындауы, шығармашылық даулар, келісімге қол жеткізу, өзара оқыту, балалардың бір-біріне көмектесуі.

5-ші қадам. Жұмыс барысының нәтижесін, әрқайсысының іс-әрекетін талқылау, сәттілік пен сәтсіздіктің себептерін анықтау.

6-шы қадам. Жобаның даму перспективасын анықтау [8, 32-41б].

Жобада белгілі бір тақырып болуы керек:

– баланың адамгершілік өмірінің құбылыстарына (алғыс күні, мейірімділік күні, достар күні)

– қоршаған орта туралы (су, жер, құстар, жануарлар);

– өнер және әдебиет әлеміне саяхат (поэзия күні, балалар кітабы, театр күндері) және т.б. [9, 51 б].

Жоба бойынша жұмыста балаларды ұйымдастырудың әртүрлі формалары қолданылады: фронтальды, шағын топ, жұптық қызмет, мәселені жеке шешу.

Формаларды таңдау іс-әрекеттің мазмұнына, балалардың мүмкіндіктеріне және педагогикалық міндеттерге байланысты. Сондай-ақ балалар әртүрлі іс-шараларға қатысады: ойын, танымдық-зерттеу, коммуникативті, өнімдік қызмет, оқу, музыкалық және көркемдік. Бірақ әрбір жоба барлық қызмет түрлерін ұйымдастыруды көздемейді.

Жоба әдісі әрқашан баланың дербес қызметіне бағытталған: жеке, жұптық немесе топтық, оны мектеп жасына дейінгі балалар белгілі бір уақыт аралығында орындайды.

Жобалық қызмет әрқашан бір жағынан, әртүрлі әдістерді, оқыту құралдарын қолдануды, екінші жағынан, ғылымның әртүрлі салаларынан, шығармашылық салалардан білім мен дағдыларды біріктіруді көздейтін белгілі бір мәселені шешуді қамтиды.

Орындалған жобалардың нәтижесі, «нақты» болуы керек, яғни, егер бұл теориялық мәселе болса, онда оның нақты шешімі болуы керек, ал егер практикалық болса – іске асыруға дайын нақты нәтиже шығуы қажет [11, 106].

Осылайша тәрбиеші ұйымдастырған жобалық қызметтің дидактикалық мәні – бұл оқытуды өмірмен байланыстыру, зерттеу дағдыларын қалыптастыру, танымдық белсенділікті, дербестікті, шығармашылықты, жоспарлауды, ұжымда жұмыс істеу қабілетін дамыту. Мұндай қасиеттер балалардың мектепте сәтті білім алуына ықпал етеді [12, 63 б].

Бұл бағыттағы жұмыс педагогикалық кадрлармен жұмыс, ата-аналармен ағартушылық жұмыс, пәндік-кеңістіктік орта құру арқылы жүзеге асырылады. Оқу-тәрбие процесіне жобалық қызметті енгізу тәрбиешінің шығармашылығына, педагогикалық кәсіпқойлығына да белгілі бір талаптар қояды. Тәрбиеші жобаның негізгі жетекшісі болғандықтан, ол үйлестіруші, ұйымдастырушы, ақпарат көзі, кеңесші болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген ақпаратты ескере отырып, эксперименттік кезең мектепке дейінгі білім беру мекемесінде педагогикалық кадрлармен жұмыс істеуден басталды және келесі нысандар арқылы жүргізілді:

– пікірталас, онда тәрбиешілер жобалық қызметті енгізудің оң және теріс жақтарын талқылайды;

– педкеңес, жобалық қызметтің мақсаттары мен міндеттерімен, ынталандыру шараларымен, тәрбиешілер мен балалардың жобалық қызметтің алгоритмдерімен, ата-аналарды жобалық іс-әрекетке тарту әдістерімен танысу;

– осы тақырып бойынша әдістемелік көрмелер ұйымдастыру;

– жобаны дайындау бойынша тәрбиешінің жұмыс жоспары әзірленді:

1) жобаның тақырыбы мен мақсатын анықтау негізінде балалардың мүдделері мен мәселелері зерттелді;

2) ата-аналармен бірлесіп, белгіленген мақсатқа қол жеткізу жөніндегі жоспар талқыланып, әзірленді;

3) қажет болған жағдайда жобаны іске асыру үшін мамандар тартылды;

4) балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін: ұйымдастырылған қызмет, ойындарды, тәжірибелерді және т. б. қоса отырып, жоба жоспары құрылды.;

5) жоба үшін қажетті дамытушы заттық-кеңістіктік орта ұйымдастырылды;

6) жобаның презентациясы (кіші және орта жастағы), мектепалды даярлық жаста жобаның соңғы өнімі презентациясы балалармен талқыланды.

Әрі қарай жұмыс Л.Д. Морозованың жобалық алгоритміне сәйкес жүзеге асырылды. Балалармен мақсатты, жоспарды және түпкілікті өнімді талқылау кезінде, балалар идеялары мен ұсыныстарына сәйкес, тәрбиеші жоба жоспарын түзетті.

Пәндік-кеңістіктік ортаны ұйымдастыруға ерекше назар аударылды. Қоршаған орта балалардың қызығушылығын дамытуы керек, ол аяқталмаған, бірақ сонымен бірге бай, қолжетімді және мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек.

Бұл жағдайда танымдық-практикалық іс-әрекет бұрыштары ерекше рөл атқарды: балалар зертханалары, шығармашылық бұрыштары, театр бұрыштары, кітапханалар және т.б. Балалар зертханаларында эксперименттерге арналған материалдар: көмекші құрылғылар, табиғи және техникалық материалдар, әртүрлі материалдардан жасалған ыдыстар мен контейнерлер, эксперименттерге арналған схемалар-алгоритмдер, тәжірибе альбомдары, қауіпсіздік ережелеріне сәйкес белгілер.

Шығармашылық бұрыштарында: қағаздың әртүрлі түрлері, дәстүрлі емес сурет салуға арналған материалдар, халық шығармашылығының альбомдары, трафареттер, шаблондар және т. б.

Энциклопедия кітапханаларында қазақ ертегілері мен әлем халықтарының ертегілері, Қазақстан, туған қаласы, жер, планеталар, жануарлар және т. б. туралы кітаптар бар.

Фонотекалар ұйымдастырылды: табиғат дыбыстары, халық әндері, классикалық музыка.

Жобаның тақырыбын ойластыра отырып, тәрбиеші пәндік-кеңістіктік ортаны, жобаны әртүрлі тәсілдермен жүзеге асыру үшін жеткілікті қаражат бар-жоғын талданды. Балалар жоспарларын жүзеге асыру үшін топта жағдай жасау тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі болып табылады, өйткені балалар жобаларын жүзеге асыру әртүрлі іс-шаралар арқылы жүзеге асырады (өнімді, шығармашылық, эксперименттік).

Топтағы пәндік-кеңістіктік орта қаныққан, өзгермелі, қол жетімді және қауіпсіз болуы керек. Балаға белсенді зерттеу мен міндеттерді шешуге мүмкіндік беру үшін біз ортаны заманауи және қызықты материалдармен және жабдықтармен (конструкторлардың әртүрлі түрлері, экспериментке арналған жиынтықтар: микроскоп, лупа және т. б.) қанықтыруға тырыстық.

Ересек топ тәрбиеленушілері үшін сөйлеуді дамыту оқу қызметінде «Бізге мұрын не үшін керек?» және қоршаған ортамен танысу оқу қызметінде «Балабақшаға апарар жол» атты зерттеу жобалары ұйымдастырылды.

Балаларда дербестіктің дамуына байланысты, олардың импульсивті көріністерін бақылауды арттыру, ересектерді және бірлескен іс-әрекеттің басқа қатысушыларын тыңдау қабілетін қалыптастыру ескерілді.

Мектепке дейінгі ересек жаста балаларда ақыл-ой мәдениеті, анықталған мәселені, гипотезаларды көру және тұжырымдау, сұрақтар қою қабілеті оң болды. Мысалы: «Бізге мұрын не үшін керек?» жобасы балалардың даладағы серуендегі бақылауынан туындады, олар суықта мұрындарын жиі тартып, мұрынмен не болып жатқанын сұрады. Талқылау топта жалғасты. Балалардың әңгімесін естіген тәрбиеші оларға зерттеумен айналысуды ұсынды, осылайша зерттеу жобасы пайда болды. Жобаның мақсаты балаларды салауатты өмір салты мәдениетіне баулады көздеді, сондықтан тәрбиеленушілердің іс-әрекетінің мақсаты өз денсаулығына және айналасындағы адамдардың денсаулығына ұқыпты қарауды қалыптастыру болды. Зерттеу мәселесі шешім табуға көмектесетін қызмет әдісін анықтауға шақырылғанын ескере отырып, жобалық қызметтің мақсаты мәселені шешу жолдарын іздеуді білдіреді, сондықтан міндеттер жағдайлардың ерекшеліктерін ескере отырып, мақсатқа жету әдісі ретінде қойылды.

Сипатталған жоба жалпы зерттеу бағытына байланысты проблемалық жағдайды көрсетті. Жобалық қызмет барысында балалардың қызығушылығы бірде тынышталып, бірде қайтадан оянып қызықты және белсенді түрде «Адамға мұрын не үшін керек?» тақырыбын талқылады. Балалар мұрын туралы жұмбақтар шешіп, ойын эксперименттерін жүргізді, тыныс алу жаттығуларын өткізді. «Адамға мұрын не үшін керек?» жобасы «Біздің мұрынымыз қандай функцияларды орындайды?» балалар ата-аналармен ынтымақтастықта дайындаған, барлық қатысушыларға коммуникативтілік, әртістілік, ересектермен және құрдастарымен позитивті қарым-қатынас жасау өнері сияқты қасиеттерді көрсетуге мүмкіндік берді.

«Балабақшаға апарар жол» жобасы жол қауіпсіздігі бойынша алдын алу жұмыстарының бір түрі ретінде пайда болды, ол балалардың жеке қауіпсіздік дағдыларын қалыптастырды, танымдық қызығушылығын арттырып, жолдағы әртүрлі жағдайларға сәйкес мінез-құлық үлгілерін дамытты. Жобалық қызмет барысында танымдық әңгімелер өткіздік: «Қызыл, сары және жасыл түстерді өмірдің

үш түсі деп атауға бола ма?», «Жаяу жүргіншіге қалай жағымсыз нәрселерді болдырмау?»; оның барысында балалар «Жолды қалай дұрыс өту керек» проблемалық жағдайларын талқылады; мақал-мәтелдер айтылып, жұмбақтар шешілді. Жобаның қорытындысы балалардың ата-аналарымен бірлесіп жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша буклеттер жасау болды, онда жаяу жүргіншілер үшін де, жүргізушілер үшін де жол қозғалысы ережелері бойынша ақпарат қамтылған. Бірақ басты нәтиже балалардың жол қозғалысы тақырыбына көбірек көңіл бөлуі болды, бұл жолда қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал етті.

Ата-аналар жобаны іске асыруға қосыла отырып, ақпарат берушілерден, жобалық қызмет процесінде бала мен тәрбиешіге нақты көмек пен қолдау көрсетуге, білім беру процесіне тікелей қатысуға, өздерінің педагогикалық тәжірибелерін толықтыруға, қатысу және қанағаттану сезімін тудыратындығын көрсетті. Балабақшада өткізілген жобалық іс-шаралар барысында балалардың идеялары ата-аналарға, олардың қызығушылықтарына сәйкес келді.

Жобалық қызметті ұйымдастыру тәжірибесі балабақшада мұқият ұйымдастыралатын және дайындықты қажет ететін ең қызықты және құптарлық қорытынды нысанға айналды деп айтуға мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Эксперименттік кезең «Павлодар қаласының №120 сәбилер бақшасы-этномәдени тәрбие беру орталығында» өткізілді. Тәжірибенің дайындық кезеңінде осы аталған мекеменің мамандарымен әңгімелесу, олардың педагогикалық іс-әрекетімен танысу, арнайы құрастырылған сауалнаманы толтыру сияқты шаралар жүргізілді. Зерттеу жұмысына жас ерекшелігіне байланысты ересек тобындағы 4-жастағы 10 бала эксперимент тобында, 10 бала бақылау тобына алынды.

Эксперименттің диагностикасын жүргізуде Н.Е. Веракса және А.Н. Веракса еңбектеріне сүйеніп өткіздік. Н.Е. Веракса және А.Н. Веракса жобалық қызметтің мониторингін процестің жеке кезеңдерін талдау ретінде сипаттайды (мысалы, қанша идея айтылды, қайсысы негізгі жоба болып таңдалды) және даму динамикасы (әртүрлі сатылардағы балалардың белсенділігі пайызының өзгеруі).

Мониторинг жеке, объективті сипатқа ие (яғни, эмоционалды пайымдауларға, өмірлік тәжірибе мен көзқарасқа тәуелді емес), ол одан әрі талдау мен түсіну үшін фактілер жиынтығын ұсынады.

Тәрбиеші динамиканы атап өтеді, проблемалық мәселелерді анықтайды, олардың не үшін пайда болғанын, нені өзгерту керектігін түсіндіреді.

Сондай-ақ жобалық қызметтің мониторингін баланың субъективті позициясын қалыптастыру тұрғысынан қарастыруға болады. Баланың субъективті ұстанымы баланың тәуелсіз белсенділігінің бастамасы мен көрінісінде көрінеді.

Мектеп жасына дейінгі баланың құзыреттілігін педагогикалық диагностика-
лау үш компонент бойынша анықталды:

- 1) технологиялық құзыреттілік;
- 2) ақпараттық құзыреттілік;
- 3) әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік.

Үш педагогикалық құзыреттіліктің диагностикалық параметрлерін егжей-
тегжейлі қарастырайық:

1) Технологиялық құзыреттілік диагностикасы келесі параметрлер бойынша
жүзеге асырылды:

- бала үшін жаңа, стандартты емес жағдайды бағдарлай білу;
- өз қызметінің кезеңдерін жоспарлау қабілеті;
- себеп-салдар байланысын орната білу;
- бұрын үйренген тәсілдерден іс-әрекет тәсілдерін таңдау білігі;
- түрлендіру әдістерін қолдана білу (пішінді, шаманы, қайта құру функция-
сын, аналогияны және т. б. өзгерту);
- тапсырманы түсіну және қабылдау қабілеті;

Технологиялық құзыреттіліктің диагностикасы 2 диагностикалық тапсырма-
ны қамтиды:

- «Проблемалық жағдайларды шешу»;
- «Лото»;

2) Ақпараттық құзыреттілік диагностикасы мынадай параметрлер бойынша
жүзеге асырылды:

- алынған ақпараттан қорытынды жасай білу;
- өз қызметі үшін қандай да бір ақпараттың қажеттілігін түсіне білу;
- қызықтыратын тақырыпқа сұрақтар қоя білу;
- жұмыс орнын ұйымдастыра білу;
- басталған істі аяғына дейін жеткізе білу және нәтижелерге қол жеткізу.
- кейбір дереккөздерді қолдана отырып ақпарат алу мүмкіндігі;
- денсаулыққа, тұтынуға және қоршаған ортаға байланысты әлеуметтік
әдеттерді бағалау мүмкіндігі.

3) әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік диагностикасы келесі парамет-
рлер бойынша жүзеге асырылды:

- құрдастарының, ересек адамның эмоционалды жағдайын түсіну және ол
туралы айту;
- қарым-қатынаста қажетті ақпаратты алу мүмкіндігі;
- басқа адамды тыңдай білу, оның пікіріне құрметпен қарау;
- қарапайым диалог жүргізе білу;
- ұжымдық істерге қатыса білу;

- өз қалауы мен мүдделерін басқалардың мүдделерімен байланыстыра білу;
- қабылдау және көмек көрсету қабілеті;
- жанжалдаспау, жанжал жағдайларында тыныш әрекет ету мүмкіндігі.

Деректер жиынтық кестелерге енгізілді. Балдық бағалау жүйесі қолданылды.

1 балл – бала өзіне ұсынылған тапсырманың мағынасын түсінеді, оны орындаудан бас тартпайды немесе тапсырманы орындау қиынға соғады (қызығушылық танытпайды, нәтижеге қол жеткізетініне сенімді емес, тапсырманы орындаудан бас тартады) немесе тапсырманы орындау қиынға соғады, бірнеше аз тиімді әрекеттер жасайды, ересек адамның көмегіне жауап бермейді – төмен деңгей.

2 балл – бала ересек адамның нұсқауларын түсінеді, тапсырманы орындауға дайын, бірақ нәтиже ересек адамның көмегімен пайда болады – орташа деңгей.

3 балл – бала диагностикалық тапсырмаларды өз бетінше орындайды, нәтижеге қол жеткізеді – жоғары деңгей.

Жұмыстың басында өткізілген бастапқы мониторинг нәтижелері 1-2 кестеде көрсетілген:

1-кесте. Бастапқы мониторинг нәтижелері. Бақылау тобы

| Деңгей | Технологиялық құзыреттілік | Ақпараттық құзыреттілік | Әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік |
|--------|----------------------------|-------------------------|---|
| төмен | 9% | 15% | 8% |
| орташа | 91% | 85% | 92% |
| жоғары | 0% | 0% | 0% |

2-кесте. Бастапқы мониторинг нәтижелері. Эксперимент тобы

| Деңгей | Технологиялық құзыреттілік | Ақпараттық құзыреттілік | Әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік |
|--------|----------------------------|-------------------------|---|
| төмен | 12% | 14% | 10% |
| орташа | 88% | 86% | 90% |
| жоғары | 0% | 0% | 0% |

Кестедегі нәтижелерді 1–2 суретте көруге болады.

Проблемалық жағдайларды шешу кезінде балаларға белгілі бір жағдайда білімі мен тәжірибесін қолдану қиынға соғады. Балаларда әртүрлі ақпарат көздерінде бағдарлау тапсырмаларын орындау қиынға соқты.



1-сурет. Бастапқы жұмыс нәтижелері салыстыру (Бақылау тобы)



2-сурет. Бастапқы жұмыс нәтижелері (Эксперимент тобы)

Мектеп жасына дейінгі балалар өз іс-әрекеттерін өз бетінше жоспарлай алмады, мақсатқа жету үшін материалдар мен құралдарды өз бетінше таңдай алмады.

Ересек жастағы мектеп жасына дейінгі балалармен жоба әдісін қолдану баланың субъективті позициясын және мектепке дейінгі жастағы балалардың білім сапасын қалыптастыруда оң рөл атқарды, бұл диагностиканың нәтижелерімен дәлелденді. Мониторинг жоба әдісін қолдана отырып, педагогикалық процесті ұйымдастырғанға дейінгі әдістеме бойынша жүргізілді. Қорытынды нәтижелер 3–4 кестеде көрсетілген:

3-кесте. Қорытынды нәтиже. Бақылау тобы

| Деңгей | Технологиялық құзыреттілік | Ақпараттық құзыреттілік | Әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік |
|--------|----------------------------|-------------------------|---|
| төмен | 8% | 12% | 8% |
| орташа | 92% | 88% | 92% |
| жоғары | 0% | 0% | 0% |

4-кесте. Қорытынды нәтиже

| Деңгей | Технологиялық құзыреттілік | Ақпараттық құзыреттілік | Әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттілік |
|--------|----------------------------|-------------------------|---|
| төмен | 0% | 0% | 0% |
| орташа | 85% | 88% | 85% |
| жоғары | 15% | 12% | 15% |

Кестедегі нәтижелер 3–4 суретте көрсетілген:



3-сурет. Қорытынды нәтижелер (Бақылау тобы)



4-сурет. Қорытынды нәтижелер (Эксперимент тобы)

Эксперимент соңында балалар шығармашылығы арта бастады, ерекше идеялар мен болжамдар ұсынды. Олар әртүрлі ақпарат көздерін шарлап, қажетті ақпаратты таңдап, ересектер мен құрдастарынан көмек сұрай бастады.

Нәтижесінде мектеп жасына дейінгі балалар өз бетінше мынадай дағдыларды үйренді: проблемаларды шешу жолдарын табу, өз іс-әрекеттерін жоспарлау, нәтиже алу үшін қажетті құралдар мен материалдарды таңдау. Сондай-ақ жобаларды іске асыру мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дамуына оң әсер етті. Балалар өз пікірлерін айтуға, болжамдар жасауға қорықпады, өз

көзқарасын қорғауға, даулы мәселелерді тыныш шешуге, бір-біріне көмектесуге, өз табыстары мен достарының жетістіктеріне қуануға үйренді.

Балалар бар тәжірибені жаңа өнімді жасау үшін белсенді қолданды, жобаларды іске асыру барысында бір-бірімен, тәрбиешімен, ата-аналармен бөлісті.

Басқа балалардың алдында презентация (сөз сөйлеу) барысында балалар вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (мимика, ым-ишарат және т.б.) меңгеру дағдыларын игерді.

Тәрбиеленушілер үлкен бастама, ынта, жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық таныта бастады.

Қорытынды

Нәтижелерді талдағаннан кейін, балалармен жоба қызметін ұйымдастыру мектепке дейінгі баланың субъективті позициясын қалыптастыруға тиімді әсер етеді, бұл мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартында белгіленген мектепке дейінгі білім беру принципіне сәйкес келеді: «баланың өзі білім мазмұнын таңдауда белсенді болатын әр баланың жеке ерекшеліктеріне негізделген білім беру қызметін құру білім беру субъектісі болады».

Қорыта келе, жоба әдісін іске асырудың маңызды шарттары жеке әдістерді емес, тұтас жүйені қолдану болып табылады, оның ішінде: педагогикалық кадрлармен жұмыс, ата-аналармен тәрбие жұмысы және дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны құру. Жоба әдісін тәрбиеленушілердің, педагогтердің және ата – аналардың бірлескен іс-әрекетінде сауатты қолдану білім беру процесіне дәстүрлі жүйеден өзгеше, зияткерлік және шығармашылық мүмкіндіктерге, балалардың қалауы мен мүдделеріне, ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынастың мүлдем басқа жүйесін енгізе алады. Заманауи талаптарға сәйкес жобалық қызмет әр мектепке дейінгі мекемесінің білім беру процесінде де, заманауи педагогтің жұмысында да лайықты орын алуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. **Касьянова А.Н.** Метод проектов в ДОУ как инновационная педагогическая технология / А.Н. Касьянова. – Текст: непосредственный // Инновационные педагогические технологии: материалы IV Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2016 г.). – Казань: БуК, 2016. – С. 210-213.
2. **Четырина Е.С.** Методические рекомендации по организации проектной деятельности с детьми дошкольного возраста. 2010.
3. **Касен Г.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М.** Личностно-ориентированный, проектный и проблемно-ориентированный подходы в обучении: методические рекомендации. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 78 с.
4. **Воронин А.С.** Словарь терминов по общей и социальной педагогике: учебное электронное текстовое издание. – ГОУ ВПО УГТУ–УПИ, 2006.

5. Психология: Энциклопедиялық сөздік / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 624 б.
6. **Дмитриев Д.В.** Толковый словарь русского языка. – М.: Наука, 2003.
7. Qazaq tiliniñ tüsindirme sözdigi/jalpy redaksiyasyn basqarğan T. Janūzaqov. – Almaty: Daik-Pres, 2008. – 968 б.
8. **Евдокимова Е.С.** Технология проектирования в ДОУ. – М.: ТЦ Сфера, 2006. – 64 с. – (Библиотека руководителя ДОУ).
9. Методические рекомендации по организации проектной деятельности студентов колледжа / сост. Мухаметзянова Н.Н., – Арск: ГАПОУ «Арский агропромышленный профессиональный колледж», 2018. – 26 с.
10. **Савенков А.И.** Педагогика. Исследовательский подход в 2 ч. Часть 1: учебник и практикум для вузов / А.И. Савенков. – 2-е изд., испр. и доп. – Москва: Юрайт, 2020. – 232 с.
11. **Селевко Г.К.** Энциклопедия образовательных технологий. В 2-х т. Т. 1 – М.: Народное образование, 2005. – 556 б.
12. **Гончарова Е.В., Левашова И.И.** Формирование учебно-познавательной компетенции дошкольников как основы подготовки к учебной деятельности на этапе дошкольного образования // Вестник Нижневартовского государственного университета. – 2016. – №4. [Электронный ресурс] / <http://vestnik.nvsu.ru>

References

1. **Kas'janova A.N.** Metod proektov v DOU kak innovacionnaja pedagogicheskaja tehnologija / A.N. Kas'janova. – [The method of projects in the Preschool educational institution as an innovative pedagogical technology / A. N. Kasyanova. – Text : direct // Innovative pedagogical technologies : materials of the IV International Scientific Conference (Kazan, May 2016 g.)]. – Kazan' : Buk, 2016. – pp. 210-213.
2. **Chetyrina E.S.** Metodicheskie rekomendacii po organizacii proektnoj. dejatel'nosti s det'mi doskol'nogo vozrasta. [Methodological recommendations for the organization of the project. activities with preschool children] 2010.
3. **Kasen G.A., Mynbaeva A.K., Sadvakasova Z.M.** Lichnostno-orientirovannyj, proektnyj i problemno-orientirovannyj podhody v obuchenii: metodicheskie rekomendacii. [Personality-oriented, project-based and problem-oriented approaches in teaching: methodological recommendations]. – Almaty: Kazakh University, 2013. – p. 78.
4. **Voronin A.S.** Clovar' terminov po obshhej i social'noj pedagogike Uchebnoe jelektronnoe tekstovoe izdanie. [Dictionary of terms on general and social pedagogy Educational electronic text edition]. GOU VPO UGTU–UPI, 2006.
5. Psihologija: Jenciklopedijalyk sözdik. [Psychology: encyclopedic dictionary] / Bas red. B.Ө. Zhaқыp. – Almaty: Қазақ jenciklopedijasy, 2011. – p. 624.
6. **Efremova T.F.** Tolkovyj slovar' russkogo jazyka. [Explanatory dictionary of the Russian language]. – М.: Nauka, 2000.
7. Қазақ tiliniñ түsindirme sözdigi/zhalpy redakcijasyn basqarған T. Zhanyзақov. – Almaty: Dajk-Pres, 2008. – p. 968.
8. **Evdokimova E.S.** Tehnologija proektirovaniya v DOU. [Design technology in DOW]. – М.: TC Sfera, 2006. – 64s. – (Library of the head of the DOW).
9. Metodicheskie rekomendatsii po organizatsii proektnoj deyatel'nosti studentov kolledzha / sost. Mukhametzyanova N.N., [Methodological recommendations on the organization of project activities of

college students] / comp. Mukhametzyanova N.N., – Arsk: GAPOU «Arsky agro-industrial professional college»– 2018. – p. 26.

10. **Savenkov A.I.** Pedagogika. Issledovatel'skij podhod v 2 ch. Chast' 1: uchebnik i praktikum dlja vuzov / Pedagogy. Research approach in 2 hours Part 1: textbook and workshop for universities A.I. Savenkov. – 2-e izd., ispr. i dop. – Moscow : Yurayt Publishing House, 2020. – p. 232.

11. **Selevko G.K.** Jenciklopedija obrazovatel'nyh tehnologij. Encyclopedia of Educational Technologies. – V 2-h t. T. 1. – M.: Public education, 2005. – 556 b.

12. **Goncharova E.V., Levashova I.I.** Formirovanie uchebno-poznavatel'noj kompetencii doskol'nikov kak osnovy podgotovki k uchebnoj dejatel'nosti na jetape predshkol'nogo obrazovanija // Formation of educational and cognitive competence of preschoolers as the basis of preparation for educational activities at the stage of preschool education // Bulletin of Nizhnevartovsk State University, No.4 / 2016 Electronic resource] / <http://vestnik.nvsu.ru>

С.К. Ксембаева¹, А.А. Садуакасова^{*2}, Ж.М. Бердыбекова²

¹Торайгыров университет,

²Павлодарский педагогический университет имени Элкей Марғұлана,
г. Павлодар, Республика Казахстан

Организация проектной деятельности с детьми дошкольного возраста

Аннотация. В данной статье речь идет об использовании проектной деятельности в развитии потенциала дошкольников в рамках нового дошкольного образования. В настоящее время в стране активно идет процесс качественного обновления образования, усиливается его культурный, развивающий, личностный потенциал. Современному обществу необходима активная личность, способная к познавательно-деятельностной самореализации, проявлению творческой и исследовательской деятельности, способности самостоятельно и активно исследовать и находить решения жизненных проблем. Первичные основы такой личности должны закладываться в дошкольном детстве сегодня в образовании доминирующую роль играют методы и технологии обучения, при которых деятельность ребенка носит продуктивный, творческий, поисковый характер. Здесь на первый план выходит проектная деятельность воспитанников. Проектная деятельность детей дошкольного возраста является уникальным инструментом сотрудничества детей и взрослых и способствует объединению образовательных областей в педагогическом процессе, рассматривается как способ реализации индивидуального подхода к образованию и способствует объединению образовательных областей в педагогическом процессе. В статье обоснованы этапы проектной деятельности в дошкольном образовании, а также рассмотрен алгоритм действий, проводимых на каждом этапе. Выявлены особенности организации проектной деятельности. Также характеризуется совместная работа детей с педагогом в проектной деятельности. Комментируются слова «проект», «проектирование».

Ключевые слова: проект, проектирование, проектная деятельность, проектный метод, педагогическая технология.

S.K. Xembaeva¹, A.A. Saduakassova^{*2}, Zh.M. Berdybekova²

¹Toraighyrov University,

²Pavlodar Pedagogical University named after Alkey Margulan,
Pavlodar, Republic of Kazakhstan

Organization of project activities with preschool children

Annotation. In this article we are talking about the use of project activities in the development of the potential of preschoolers in the framework of a new preschool education. Currently, there is an active process of qualitative renewal of education in the country, its cultural, developing, personal potential is being strengthened. Modern society needs an active personality capable of cognitive and activity self-realization, creative and research activity, the ability to independently and actively explore and find solutions to life problems. The primary foundations of such a personality should be laid in preschool childhood. Today, methods and technologies of education play a dominant role in education, in which the child's activity is productive, creative, and exploratory. Here the project activity of the pupils comes to the fore. The project activity of preschool children is a unique tool for cooperation between children and adults and promotes the unification of educational areas in the pedagogical process, is considered as a way to implement an individual approach to education and promotes the unification of educational areas in the pedagogical process. The article substantiates the stages of project activity in preschool education, and also considers the algorithm of actions carried out at each stage. The features of the organization of project activities are revealed. It is also characterized by the joint work of children with a teacher in project activities. The words project, design are commented on.

Keywords: project, design, project activity, project method, pedagogical technology.